әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
География және табиғатты пайдалану факультеті
Рекреациялық география және туризм кафедрасы

6-дәріс

Ғылыми дерекқорларда ақпарат іздеу

Scientific Writing



ДӘРІСКЕР

Елдар Нұрұлы
Аға оқытушы, аға ғылыми қызметкер, PhD Candidate

ДӘРІС МАҚСАТТАРЫ

- Негізгі ғылыми дерекқорларды (Scopus, WoS, Google Scholar, eLibrary) ажырата білу
- Дерекқорларда тиімді іздеу стратегияларын қолдану
- Іздеу нәтижелерін сүзгілеу және бағалау дағдысын меңгеру
- Туризм саласы бойынша релевантты дереккөздерді табу

НЕЛІКТЕН ҒЫЛЫМИ ДЕРЕККӨРЛАР?

Жалпы іздеу (Google)

- ✗ Ақпараттың сенімділігі тексерілмеген
- ✗ Ғылыми рецензиядан өтпеген
- ✗ Коммерциялық мазмұн араласады
- ✗ Дереккөздерді бақылау қиын
- ✗ Дәйексөздеу деректері жоқ

Ғылыми дереккөрлар

- ✓ Сараптамалық рецензиядан өткен
- ✓ Библиометриялық көрсеткіштер бар
- ✓ Іздеуді дәл баптау мүмкіндігі
- ✓ Дәйексөз тізбегін қадағалау
- ✓ Журнал рейтингтері қолжетімді

НЕГІЗГІ ҒЫЛЫМИ ДЕРЕККӨРЛАР

Scopus	Web of Science	Google Scholar	eLibrary.ru
Elsevier	Clarivate	Google	eLIBRARY
https://www.scopus.com/	https://www.webofscience.com/	https://scholar.google.com/	https://elibrary.ru/
99 000+ журнал	21 000+ журнал	Кең қамту	ТМД ғылымы
1,8 млрд цитата	Impact Factor	Тегін қолжетімді	РИНЦ көрсеткіші
CiteScore, SJR, SNIP	Journal Citation Reports	h-index есептеу	Орыстілді мақалалар

SCOPUS: НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАР

Қамту

Жаратылыстану, техника, медицина, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар

Іздеу мүмкіндіктері

Author Search, Affiliation Search, Advanced Search (Boolean операторлары)

Көрсеткіштер

CiteScore — журнал деңгейі, h-index — автор деңгейі, SJR/SNIP — рейтинг

Туризм журналдары

Tourism Management, Annals of Tourism Research, Journal of Travel Research, т.б.

99 000+
журнал

1,8 млрд
дәйексөз

17 млн+
автор профилі

256
пәндік сала

WEB OF SCIENCE: НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАР

Core Collection

SCIE, SSCI, AHCI, ESCI — ғылымның барлық салаларын қамтитын индекстер

Impact Factor (IF)

Журналдың ықпалдылығын анықтайтын негізгі көрсеткіш, JCR есебі арқылы

Дәйексөздеу желісі

Cited References, Citing Articles, Related Records — мақалалар арасындағы байланыс

Іздеу ерекшеліктері

Topic Search, Cited Reference Search, Author Identifier (ResearcherID)

21 000+
журнал

1900+
жылдан бері

254 млн+
жазба

2,3 млрд
цитата

GOOGLE SCHOLAR & eLIBRARY.RU

Google Scholar

- Тегін және ашық қол жетімділік
- Ең кең мақала қамтуы
- «Cited by» — цитаталануды қадағалау
- Google Scholar Profile — h-index
- «Related articles» — ұқсас мақалалар
- Толық мәтінді іздеу мүмкіндігі

eLibrary.ru / РИНЦ

- ТМД елдерінің ғылыми жарияланымдары
- РИНЦ — Ресейлік ғылыми дәйексөздеу индексі
- Қазақстандық журналдар да қамтылған
- Орыс тілді мақалалар базасы
- Авторлық профиль — SPIN-код
- Конференция материалдары да бар

ДЕРЕККӨРЛАРДЫ САЛЫСТЫРУ

Критерий	Scopus	Web of Science	Google Scholar	eLibrary
Қолжетімділік	Жазылу	Жазылу	Тегін	Тегін / Жазылу
Рецензия	Иә	Иә	Аралас	Аралас
Қамту	Кең	Таңдамалы	Ең кең	ТМД
Метрикалар	CiteScore, SJR	IF, JCI	h-index	РИНЦ
Іздеу дәлдігі	Жоғары	Жоғары	Орташа	Орташа
Туризм қамтуы	Өте жақсы	Жақсы	Жақсы	Жақсы

ІЗДЕУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ: BOOLEAN ОПЕРАТОРЛАРЫ

AND

Барлық сөздер қатар болуы керек

`tourism AND Kazakhstan`

→ Нәтижені тарылтады

OR

Кез келген сөз болса жеткілікті

`hotel OR hospitality`

→ Нәтижені кеңейтеді

NOT / AND NOT

Белгілі сөзді алып тастау

`tourism NOT medical`

→ Қажетсізді шығарады

Күрделі іздеу мысалы (Scopus Advanced Search):

```
TITLE-ABS-KEY ( "sustainable tourism" AND "Central Asia" ) AND PUBYEAR > 2018
```

→ 2018 жылдан кейінгі Орталық Азиядағы тұрақты туризм мақалалары

ІЗДЕУ ТЕХНИКАЛАРЫ

Тырнақша " "

Дәл сөз тіркесін іздейді

```
"ecotourism development"
```

Жұлдызша *

Сөз түбірі бойынша кеңейтеді

```
tour* → tourism, tourist, touring
```

Сұрақ белгісі ?

Бір таңба ауыстырады

```
organi?ation → organization / organisation
```

Жақша ( )

Іздеу логикасын топтайды

```
(hotel OR resort) AND "customer satisfaction"
```

НӘТИЖЕЛЕРДІ СҮЗГІЛЕУ ЖӘНЕ НАҚТЫЛАУ

Жыл бойынша

Соңғы 5-10 жылдағы мақалаларды таңдау (2019-2025)

Құжат түрі бойынша

Article, Review, Conference Paper, Book Chapter

Пәндік сала бойынша

Social Sciences, Business, Environmental Science

Тіл бойынша

English, Russian, Kazakh — зерттеу мақсатына сәйкес

Журнал бойынша

Нақты журналда жарияланған мақалаларды таңдау

Open Access

Тегін қол жетімді мақалаларды ғана көрсету

ІЗДЕУ ПРОЦЕСІ: ҚАДАМ-ҚАДАМ

01	**Кілт сөздерді анықтау**	Зерттеу тақырыбынан негізгі терминдерді бөліп алу
02	**Синонимдер мен баламаларды табу**	Ағылшын/орыс/қазақ тілдерінде нұсқаларды дайындау
03	**Іздеу сұрауын құрастыру**	Boolean операторлары арқылы іздеу формуласын жасау
04	**Дерекқорда іздеу жүргізу**	Scopus/WoS/GS-та іздеуді іске қосу
05	**Сүзгілеу және сұрыптау**	Жыл, тіл, пән, журнал бойынша нақтылау
06	**Релевантты мақалаларды таңдау**	Аннотация оқу, мақаланы бағалау, тізімге қосу

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ІЗДЕУ МЫСАЛЫ

Тақырып: «Қазақстандағы экотуризмнің тұрақты дамуы»

Кілт сөздер:	ecotourism, sustainable development, Kazakhstan, Central Asia, nature-based tourism
Scopus іздеу:	TITLE-ABS-KEY("ecotourism" OR "eco-tourism") AND ("Kazakhstan" OR "Central Asia") AND "sustainable"
Сүзгілер:	Жыл: 2019-2025 | Тілі: English | Түрі: Article, Review | Сала: Social Sciences, Environmental Science
WoS іздеу:	TS=("ecotourism" AND "Kazakhstan") — Timespan: 2019-2025
Google Scholar:	allintitle: ecotourism Kazakhstan sustainable — Custom range: 2019-2025

ДЕРЕККӨЗДЕРДІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

1	**Журнал рейтингі**	Impact Factor, CiteScore, Quartile (Q1-Q4) — журналдың сапасын анықтайды
2	**Цитаталану саны**	Көп цитаталанған мақалалар — саладағы маңызды зерттеулер
3	**Авторлар мен мекемелер**	Танымал зерттеушілер мен университеттердің жұмыстарына басымдық беру
4	**Жарияланым жылы**	Соңғы 5-7 жылдағы зерттеулер ең өзекті, классикалық еңбектер де маңызды
5	**Әдіснама сапасы**	Зерттеу дизайны, іріктеме көлемі, деректер жинау тәсілі

ЖИІ ЖІБЕРІЛЕТІН ҚАТЕЛІКТЕР

✗ Тек Google-дан іздеу	✓ Ғылыми дерекқорларды басты құрал ету
✗ Бір кілт сөзбен іздеу	✓ Синонимдер мен Boolean операторларын қолдану
✗ Ескі мақалаларға сүйену	✓ Соңғы 5-7 жыл + классикалық еңбектер
✗ Нәтижені сүзгілемеу	✓ Жыл, тіл, сала, журнал бойынша фильтрлеу
✗ Тек бір дерекқорды пайдалану	✓ Кемінде 2-3 дерекқордан іздеу

ТИІМДІ ІЗДЕУ КЕҢЕСТЕРІ

- Іздеу стратегиясын алдын ала жоспарлаңыз — кілт сөздер, синонимдер, тілдер тізімін жазыңыз
- Scopus пен WoS-тағы «Analyze Results» функциясын пайдаланыңыз — трендтерді көріңіз
- Google Scholar-дағы «Cited by» арқылы жаңа релевантты мақалаларды табыңыз
- Табылған мақалалардың әдебиеттер тізімін қараңыз — «snowballing» әдісі
- Mendeley, Zotero немесе EndNote-ты қолданыңыз — дереккөздерді жүйелеңіз
- Іздеу журналын жүргізіңіз — қай дерекқорда қандай сұрау жасадыңыз, не таптыңыз

ҚОРЫТЫНДЫ

- Scopus, WoS, Google Scholar, eLibrary — әрқайсысының артықшылығы бар
- Boolean операторлары мен іздеу техникалары іздеуді дәлдейді
- Нәтижелерді сүзгілеу және дереккөздерді бағалау — сапалы зерттеудің негізі

СЕМИНАРҒА ДАЙЫНДЫҚ (6-С):

Scopus, Web of Science, Google Scholar және eLibrary базаларында іздеу жүргізу және өз зерттеу тақырыбыңыз бойынша 20 релевантты дереккөз тізімін жасау

Назарларыңызға рақмет!

әл-Фараби атынд. ҚазҰУ
әл-Фараби даңғ., 71/19
Алматы қ., 050040
Қазақстан Республикасы

+7 778 879 75 93

yeldar.nuruly@kaznu.edu.kz

https://farabi.university/

